

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
2018 жылғы “01” __11__
№ N017692 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Пиносол®

Саудалық атауы

Пиносол®

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Мұрынға арналған спрей, 10 мл

Құрамы

1 мл препараттың құрамында:

белсенді заттар: тау қарағай майы 35.0 мг,

жалбыз майы 10.0 мг,

эвкалипт майы 5.0 мг,

тимол 0.3 мг,

α- токоферол ацетаты 15.0 мг.

қосымша заттар: 1.0 мл-ге дейін тізбекті ұзындығы орташа триглицеридтер бар

Сипаттамасы

Мөлдір түссіз немесе сәл сарғыштау, өзіне тән иісі бар майлы сұйықтық

Фармакотерапиялық тобы

Респираторлық жүйе. Мұрынға арналған препараттар. Деконгестанттар және жергілікті қолдануға арналған басқа мұрынға арналған препараттар. Мұрынға арналған басқа препараттар. Біріктірілімдер.

АТХ коды R01A X30

Фармакологиялық қасиеттері

Пиносол® қабынуға қарсы және ісінуге қарсы әсер береді, жергілікті экссудативті реакциялар симптомдарын басады, тыныс алу жолдары шырышты қабықтары сөлінісінің тұтқырлығын азайтады. Препарат грамоң

және грамтеріс бактериялардың кейбір штаммдарына қатысты бактерияға қарсы белсенділігін байқатады, сондай-ақ ашытқы және өңезді зендерге қатысты зеңге қарсы әсері бар.

Қолданылуы

- шығу тегі аллергиялық емес жедел және созылмалы риниттерде
- ринофарингиттерде
- мұрын және мұрын-жұтқыншақ шырышты қабығының инфекциялы-қабыну ауруларында
- ларинготрахеиттерде

Қолдану тәсілі және дозалары

Мұрынға қолдануға арналған.

Қолданар алдында сорғы-дозатордың қорғаныш қақпағын ашу керек, саусақпен жеңіл баса отырып, 2 сынама бүрку жасаңыз (мұрын жолдарына емес), содан соң препаратты әрбір мұрын қуысына бүркіңіз. Пайдаланудан кейін сорғы-дозаторды қорғаныш қақпағымен жауып қою керек.

Ересектерге және 12 жастан асқан балаларға ұсынылатын Пиносол® дозасы: қабыну үдерісінің айқындылығына байланысты әрбір мұрын жолына бір бүркуден тәулігіне 3-6 рет.

Емдеу ұзақтығын аурудың сипаты және динамикасына байланысты емдеуші дәрігер белгілейді.

Жағымсыз әсерлері

Сирек ($\geq 1/10,000$ - $<1/1,000$):

- мұрын қуысының қышынуы
- мұрын қуысын ашытып күйдіру
- мұрын қуысы шырышты қабығының ісінуі

Белгісіз (қол жетімді деректерден бағалау мүмкін емес)

- аллергия түрінде тері бөртпесі, қызару, ангионевротикалық ісіну, есекжем

Дәріні жиі және/немесе ұзақ уақыт қолданғанда тыныс алу жолдарының шырышты қабатын құрғатуы мүмкін.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- дәрілік препараттың компоненттеріне аса жоғары сезімталдық
- аллергиялық ринит
- 12 жасқа дейінгі балалар

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Белгісіз

Айрықша нұсқаулар

Пиносол® препаратын қолданар алдында оны мұрынға бір рет бүркіп, пациенттің препаратқа жекелей реакциясын тексеріп көру қажет, аллергиялық реакция туындаған жағдайда препаратты тоқтатқан жөн.

Ауыр дәрежедегі бауыр аурулары бар пациенттерге сақтықпен тағайындайды.

Препаратты көзге тигізіп алмау керек!

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік және лактация кезеңінде препаратты емдік дозаларда қолдануға болады.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 мл препараттан бүріккіші бар сорғы-дозатормен жабдықталған, қоңыр шыныдан жасалған құтыға салынған.

Құтыға өздігінен желімделетін заттаңба жапсырылады.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынады.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Құтыны ашқаннан кейін 28 күннен артық сақтауға болмайды.

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші/Қаптаушы:

Фармак ЖАҚ, Киев, Украина

Тіркеу куәлігінің иесі

«Санofi-авентис Қазақстан» ЖШС, Алматы, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның

атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды поштасы)

«Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Н.Назарбаев даңғ. 187 Б

телефон: +7 (727) 244-50-96

факс: +7 (727) 258-25-96

e-mail: quality.info@sanofi.com

Қазақстан Республикасы аумағында дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта):

«Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Н.Назарбаев даңғ. 187 Б

телефон: +7 (727) 244-50-96

факс: +7 (727) 258-25-96

e-mail: Kazakhstan.Pharmacovigilance@sanofi.com